

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ тілі білімі кафедрасы  
Мамаева Гүлнар Бейсенқызы  
Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор



**Пән атауы: “Қазақ тілінің  
терминологиясы”**


Астана, 2022






**Дәріс тақырыбы: Сөзжасамдық  
бірліктердің терминжасамға қатысы**

**Қарастырылатын мәселелер:**

- Сөзжасамдық бірліктер;
  - Сөзжасамдық ұя, жұп, саты, тізбек.
- 



Сөзжасам жаңа мағыналы туынды сөздің жасалуын, сипатын, жасалу тәсілі мен ішкі мағыналық құрылымын анықтайды.



Сөзжасамдық жұп

Сөзжасамдық ұя


Сөзжасамдық тізбек

Сөзжасамдық бірліктер

Сөзжасамдық саты


Сөзжасамдық үлгі







Сөзжасамдық ұяны анықтауда синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөздердің мәні зор.

Қазақ тіл білімінде жұрнақ терминін бірінші қолданып, оның анықтамасын берген – А. Байтұрсынұлы [1, 182-255].






Сөзжасамдық тәсілдер арқылы негіз сөзден жасалып, атау қызметін атқаратын белгілі құрылымдағы түбірлестуінды сөздердің жиынтығы – **сөзжасамдық ұя** деп аталады [2, 147].







Мысалы:

- *Әдіс – әдістеме, әдістемелік (педагогика саласында);*
  - *Қажет – қажетті, қажеттілік (психология саласында);*
  - *Кітап – кітапхана, кітапханашы (кітапхана ісі).*
- 









Негізгі сөз бен туынды  
түбір сөздің жұбы  
**сөзжасамдық жұп** деп  
аталады.

Сөзжасамдық ұяның  
ең кішісінде бір, екі  
сөзжасамдық жұп  
болады.


Мысалы: *пән – пәндес,*  
*пән – пәндік*  
(педагогика саласы).  
Мұнда 2 жұп бар.






**Сөзжасамдық саты** деп негіз сөз бен сөзжасамдық жұрнақтан тұратын сөзжасамдық ұядағы туынды түбірлердің жасалу ретін білдіретін тілдік бірлік аталады.

Мысалы: *жаз, жазба, жазбау, жазбаушылық.*





Бір түбірден тараған, біріне-бірі негіз болатын сөздердің тобы **сөзжасамдық тізбек** деп аталады.


Тізбектің құрамында қанша сөз болса да, олардың бәрі бір-бірімен мағыналық байланысы бар сөздер болады.

Мысалы:

*Жаз – жазу, жазушы, жазушылық.*

*Жаз – жазба, жазбау, жазбаушы, жазбаушылық.*

*Жаз – жазгыз, жазгыздыр, жазгыздырма, жазгыздырмау, т.б.*







**Сөзжасамдық үлгі** – туынды сөздердің құрамындағы бір тұлғаның ортақ болуы арқылы қалыптасқан екіншілік мағыналы туынды сөздер.



Мысалы, сөзге тек *-шы* жұрнағының жалғануы жалпы атауға кісінің мамандығына, қызметіне қатысты ғана атаулар туындай алады: *ән – әнші, би – биші, домбыра – домбырашы.*



Жаңа мағыналы сөз жасауда, термин жасауда  
сөзжасамның сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық жұп,  
сөзжасамдық саты, сөзжасамдық үлгі т.б.  
бірліктерінің орны ерекше.



### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 445 б.
2. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 365 б.
3. Құрманәлиев Қ. Сөзжасамдық ұяның синтагматикалық күрделі бірліктері. – Алматы, 1999. – 96 б.
4. Русская грамматика / Н.Ю. Шведова. — Мәскеу: Наука, 1980. – 743 б.



**Назарларыңызға рақмет!**